

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 1 / 2016
серия ФИЛОЛОГИЧЕСКАЯ



Ш. УӘЛИХАНОВ атындағы
КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КОКШЕТАУСКОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО
УНИВЕРСИТЕТА
имени Ш. УАЛИХАНОВА

ISSN 1608-2206

САЛЫСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

Джамбаева Ж.А., Мурзалинова С.К. Обрамляющие формулы русской и казахской волшебной сказки в сопоставительном аспекте	155
Assanova G.S., Alikulova A.T. Translation of english literary fairy tales and their significant features in contrast with kazakh tales	162
Baimanova L.S., Zhumabekova Sh. D. Foreign borrowings in the lexicology of the english language	167

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

Айсұлтанова Қ.Ә. Жыраулар поэзиясындағы ұлттық рух	172
Бөкен Г.С. Қазақ-поляк драмалық шығармаларындағы кейбір үндестіктер (С.Мрожек, С.Адамбеков пьесалары негізінде)	176
Дәрібайұлы С. Ақын-жыраулар поэзиясындағы мұсылман парыздары туралы тұжырымдар	182
Жанысбекова Э.Т. Қазақ жазушыларының шығармашылығындағы миф	189
Жанұзақова Қ.Т., Жаксыкулова Ж.М. Шығыс әдебиетіндегі жанрлық ерекшеліктер мен М.Жұмабаев поэзиясындағы дәстүр сабақтастығы	194
Жәмбек С.Н., Қадыров Ж.Т. Талжановтың шығармашылық белестері	200
Қазыбек Г.Қ. Фариза Оңғарсынова шығармалары орыс тілінде	205
Керімбекова Б.Д. «Заман» және «Уақыт» концептілерінің дәстүрлі қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі бейнеленуі	210
Мұсалы Л., Дәрібайұлы С. І. Жансүгіров туындыларының орыс тіліне аударылуы	219
Оспанова Г.Т. Ыбырай Алтынсариннің аудармаларын оқыту әдістемесі	223
Солтанаева Е.М. Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» шығармасының мәтіндеріне текстологиялық талдау	229
Толысбаева Ж.Ж. «Двадцать сонетов к Шокану Уалиханову» Рены Жумановой в контексте поэтической традиции Иосифа Бродского	233

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРИСТИКА
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

УДК 82-31

Қ.Ә. Айсұлтанова
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан
aisultanova95@mail.ru

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ

Бұл мақалада І. Есенберлиннің тарихи шығармасына талдама жасалынады. Бұл шығарма адамды, өз елін, жерін, халқын жақсы көруді қалыптастыруға көмектеседі. І. Есенберлиннің тарихи шығармасын талдауда эпикалық бейнелер құрылды. Жазушы өз шығармасында көршілес халықтар арасындағы сауда, мәдени байланыстарды шынайы хабарлады. Ол қазақ және орыс халықтары арасындағы кейбір тарихи байланысын қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: халық рухы, асыл мұра, абыздар, жырау, тәуелсіздік тұғыры

Ұлттық рухты қалыптастыруда қазақ әдебиетінде жыраулар поэзиясының алатын орны ерекше. Бұл жөнінде Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде былай ой түйеді: «Халық рухының ұшқыны ақындардың, сазгерлер мен айтқыш абыздардың жүрегінде тұтанып, жалындай бастады. Асан қайғы, Шалкиіз, Бұқар жырау сияқты бұл дәуірдегі ұлттың шығармашылығында шынайы қазақ руханияты қалыптасып дамыды» [1, 275-б.]. Жыраулық поэзия – ұрпақтан-ұрпаққа жеткен сөз өнеріміздің асыл мұрасы, дамыған ұлт әдебиетінің ғажап көркемдік белгісі. Ә. Тәжібаев: «Жырау – сөз жоқ, ақын. Ақын болмай, жұрт қадірлейтін жырау атану мүмкін емес. Ақындығы күшті жыраулардың жалынды жырлары үнемі жаңғырып, кейінгі ұрпаққа сиқын бұзбай көрікті күйінде жетіп отырады. Ал, жыраулық-ертеден келе жатқан халық поэзиясының үлкен бір дәстүрлі саласы» [2, 224-б.], - деп жыраулық дәстүрді әдебиетте орны бөлек жеке сала ретінде алып қарастырады. XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы - өмірді танытушылық, философиялық-дидактикалық мағынасы мол мұра. Ақын-жыраулар өлең-жырларымен, өнегелі ісімен халыққа белсене қызмет етіп, ел ұйытқысы, тәлім-тәрбие мектебінің ұстазы бола білді. Жыраулар ел болашағын жырлауы тұрғысынан дараланып келген, сол дәуірдің ой-сана, әдет-ғұрыптық, тілдік шаруашылық, тарихи көріністерін суреттеген. Бұл жөнінде Х. Досмұхамедов былай дейді: «Қазақтың жеке өмірінің барлық сәттері – туғаннан бастап өмірден озғанға дейін, сондай-ақ тұтас халықтың немесе жеке рудың қоғамдық өміріндегі барлық оқиғалар халық әдебиетінде жырланады» [3, 15-б.] - деп ой түйсе, Е. Ысмайлов: «Жыраулар өмірдің ұсақ мәселесіне аз араласып, көбінесе, заман-дәуір, өткен мен келешек, адамгершілік, жақсылық пен жамандық жайында ойлар, болжаулар, қағидалы сөздер айтып отырған» [4, 42-б.]. Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы – туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі. Асан қайғы:

«Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің
Қымыз ішіп, қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің.
Өзіңнен басқа хан жоқтай,

Елеуреп неге сөйлейсің», - деп ханның мінін бетіне айтып, орда маңында болып жатқан келеңсіздіктерді, елінің қараусыз қалғанын батырып айтады. Жиёмбет жыраудың туған жеріне шынайы сүйіспеншілігі оның толғауларында айқын суреттеледі. «Ханға қарсы тұрам деп» жырлайды:

Қайырылып қадам басарға
Күн болар ма екен мен сорға
Өзен Арал жерлерім
Қиядан қолды көрсеткен
Төбеңе шығар күн бар ма?

Жотасы биік Дөңдерім - деп шер төгеді, соларды бір көруді арман етеді. Демек, жырау елі, жері үшін емірене ерлік жыр төккен, сол елдің елдігі бүтіндігі жолында жырымен де ерлігімен де аянбай еңбек еткен. Марғасқа жыраудың бізге жеткен санаулы ғана жырлары оның от тілді, орақ ауызды жырау болғандығын көрсетеді. «Ей, Қатағанның хан Тұрсыны» атты өлеңінде: «Ей, Қатағанның ханы Тұрсын, Опасызға лағынет болсын. Кінәсіз халықты жылатқан Жер Тәңірісі сияқтысың. Алтын тақта отырсаң дағы Ажалға төтеп бермессің», - деп Ташкент ханының қазақ ауылына опасыздықпен шабуыл жасағанын, жазықсыз жандарды қырып-жойғандығын бетіне басады.

Одан әрі халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген абыз жырау:

...Тіл алсаң іздеп қоныс көр,
Желмая мініп жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,

Мұны неге білмейсің!", - деген ақылгөй сөзі – сол елінің қамын ойлаған жүрек сөзі. Сол сияқты Қазтуған жырау да:

"Қайран менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге

Менен қалған мынау Еділ жұрт!... - деп еңіреп өткен. Қазтуған жыраудың бұл толғауы өзінің рухани қуатын, идеологиялық мағынасын әлі жоғалтқан жоқ. Бұл туынды өзінің елге деген, туған жерге деген патриоттық рухымен, ғасырлар бойы халықты жігерлендіріп келді.

"Еділдің бойын ел жайлап,
Шалғынына бие біз байлап,
Орындықтай қара сабадан
Бозбаламен күліп, ойнап,
Қымыз ішер күн қайда!" - деп Доспамбет жырау армандаған,
"Ауылдан топыр үзілмей,
Ошақтың оты өшпесе,
Май жемесе қонағым...
Он кісіге жараса,

Бір кісіге асқан тамағым", - деп Ақтамберді жырау еліне ырыс, молшылық тілеген, бейбіт, тыныштық өмірді қалаған. Қазақ даласының әрбір жеріне төгілген қанның мөлшерін есептеп, егілген ананың ескерткішін қойсақ, бәлкім бабалардың ерлігіне алғыс білдіре алармыз. Бірақ біздің бабаларымыз ешқашан атақ, даңқ, ескерткіш үшін соғысқан емес. Олар өз елдерінің болашағы біздердің ертеңіміз үшін жан аямай шайқасты. Сол ұлы шайқастардың бірі әрі қазақтың басындағы ең үлкен нәубеттердің бірегейі – Жоңғар шапқыншылығы. Осы кезеңде қазақ жырауларының отансүйгіштікке, ерлікке үгіттейтін керемет жырлары пайда болды. Солардың бірі Доспамбет жырау:

Екі арыстап жау шапса,
Оқ қылғандай шаншылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес. [5, 31 б.]

Қазіргі жағдайда бір елде осыншама ұлт пен ұлыстың тату тәтті ғұмыр кешуі өте таңғалдыратын жағдай. Бұл – біздің еліміздің мақтанышы. Шал ақынның тілімен айтқанда:

Гүл шешек орман өсіп, желкілдеген,
Биік тау, асқар төбе жердің көркі,
Ағайын бір уақыт жақсы болса,
Сонымен табылады елдің көркі... [5, 129 б.]
Бұл біздің еліміздің көрікті келбеті.

Жыраулар поэзиясы еліне деген ыстық сезімге толы. Олар сол еліне жалынды жырларын арнаған, халқын сол елі үшін қызмет етуге үндеген, керек болса, жанын пида етуге шақырған. Халқы үшін қан майданда шайқасқа түсіп, елін, жерін сыртқы жаудан қорғаған әйгілі халық батырларының ерліктерін де жыр еткен. Мысалы, Тәтіқара жырау толғауында:

«Ағашта биікті айтсаң қарағайды айт,
Жігіттік, ерлікті айтсаң Бөгенбайды айт.
Найзасының ұшына жау мінгізген
Еменәлі Керейді Ер Жабайды айт» - деп батырлардың ержүректілігін, батылдығын жыр еткен. Шалкиіз жырау ерлер жаудан да, сойдан да тартынбайтын, батырлығы басынан асқан жігерлі жандар.

Ғаділ төре ел бастар,
Шешен адам сөз бастар,
Аға жігіт ел бастар,
Шешен адам сөз бастар, - деп ер жігіттің ерлікпен аты шығатынын, нағыз батыр қиындыққа шыдап, ел үшін күреске шығу керектігін айтады. Ақтамберді жырау:

...Қоңыраулы найза қолға алып.

Қоңыр салқын төске алып,

Қол қашырап ма екенбіз, - деп өзінің замандас жас ұрпағын табандылыққа, ерлікке шақырады. Ал Бұқар жырау өз заманының басты идеологы болды, толғаулары сол тұстағы маңызды мәселелерге арналды. Сол тұста ерекше ерліктерімен көзге түскен Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақұлы Жәнібек, Сіргелі Тілеуке тағы басқа батырларды ханның сенімді серіктері, «қазақтың абырой-арына бар күшін сарп қылған» ел қорғаны, әйгілі батырлары, асыл азаматтары тұрғысынан жырлады. Жырау Абылай ханның

Қалмақты қашырдың.

Алатаудан асырдың.

Қазаққа жер кеңейттің,

Дұшпаныңды кеміттің, - деп жау қашырған қолбасы, батырлығы мен көсемдігін, өзгеге үлгі боларлық істерін жырлады. Ал, Үмбетей жыраудың Бөгенбайға қатысты екі ұзақ жыры сақталған. Мұның біріншісі – Бөгенбайды жоқтау да, екіншісі – Бөгенбай өлімін Абылай ханға естірту. Жоқтау жырында:

«Қолтығы ала бұғының

Пәйкесіндей Бөгенбай,

Жалаң қия жерлерден

Жазбай түсіп түлкі алған,

Білегі жуан бүркіттің

Тегеуріндей Бөгенбай», – деп батырды азалайды, көзінің жасын көл қылады, батырдың халқына жасаған жақсылықтарын айтып, мадақтайды. Екінші жыр естірту түрінде келеді. Үмбетей алдымен Абылай өмірін, халық басындағы ауыр жайларды толғап, одан соң қуанышты күндер, жеңісті жорықтар, батырлардың көрсеткен ерліктерін мадақтайды. Шалкиіз жыраудың да ел билейтін басшының қауым, әлеумет өміріндегі орнын дұрыс бағалай білген.

Алтау болар, бес болар,

Ішінде абаданы бір болар.

Абаданынан айырылса,

Олардың әрбіреуі
Әрбір итке жем болар.
Қазақ әскері дегенде тағы еске түсетіні жауға батыл аттануға Исатай мен Махамбет бастаған құм Нарындағы қалың қол болатын. Махамбеттің:
Алаштағы жақсыдан
Батасын алып, дәм татып,
Түлкі дейін түн қатып,
Бөрі дейін жол тартып,
Жалаулы найза қолға алып,
Жау тоқтатар күн қайда?! [5, 180 б.] деп аяқталатын «Ұлы арман» деген отты өлеңіндегі ұлы арманға бүгін біздер жеткендейміз. Бірақ біз бейбіт заманның адамдары ретінде ешкіммен жауласып көрмедік. Алайда (құдай оның бетін ары қылсын) басымызға сын сағаты туа қалса, алғы шепке шығарлық әскеріміз даяр.

Асан қайғының:

Арғымаққа міндім деп,
Достарыңмен санаспа!
Артқы топтан адаспа!
Ғылымым жұрттан асты деп,
Күнінде өзім болдым деп,
Кеңессіз сөз бастама!
Кең пейілге таласпа!
Жеңемін деп біреуді
Артық үшін айтысып,
Өтірік сөзбен қостама! – деген жолдарындағы өмір тәжірибесінен түйген парасатты толғам-танымы, философиялық терең ойлары бүгінгілерге де үлгі-өнеге.

Сонымен, халқымыздың ауыз әдебиеті ұрпақ тәрбиелеуге өлшеусіз үлес қосты және әлі де үлес қосып келеді. Ақын-жыраулардың поэзиясы, олардың ұлттық рух пен тарихи сананы жаңғырту идеясы қазірдің өзінде де өз күшін жойған жоқ. Елбасымыздың “Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетіміздің ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр. Қазақта мынандай мақал бар: «Жеті атасын білмейтін ер жетесіз, жеті ғасыр тарихын білмейтін ел жетесіз» [5, 267-б]. Сондықтан жыраулардың бай мұраларын қазіргі жастардың пайдаланатын тәлімдік құралы етіп, оларды елін, жерін сүйеге, құрметтеуге баулып, адамгершілік қағидаларының басты ұстанымы екендігін жастар санасына сіңіру қажет. Ұрпақты ұлттық рухқа тәрбиелеу тұрғысынан жыраулар мұрасы өз мәнділігін жоғалтпақ емес және ақын-жыраулар толғаған жырлар арқылы олардың бойына патриоттық сезімді қалыптастыруымыз қажет. Тағдыр талайымен, көп бейнет-азаппен жеткен тәуелсіздігіміз баянды істермен толыға түсуде.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларының бірінде былай деген еді: «Біз алдымызға анық та айқын мақсат қойдық - біз жақсы өмір сүргіміз келді, біз еркіндікке ұмтылдық, біз бәрінен бұрын балаларымыз бен немерелеріміздің лайықты өмір сүруін қаладық». Міне, осы ұлы мақсаттарға бүкіл ел азаматтары ғұмырының біраз жылдарын арнады. Еңбегіміз еш кеткен жоқ, біз бүгінгідей биікке көтерілдік, төрткүл дүние таныған, әлем мойындаған елге айналдық. Бұл ұғымның астарында елдің ертеңі үшін атқарылған қаншама жанкешті істер бар, жұдырықтай түйіліп, елді көркейтуге жұмсалған өлшеусіз еңбек бар. Тәуелсіздік тұғырын бекемдей түсудің ұлы мұраты – елдің бүтіндігін келер замандарға жалғастыру, өркениеттің асқар белестеріне өрлеу болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 2003. – 240 б.
2. Тәжібаев Ә. Жылдар. Ойлар. – Алматы, 1976. – 471 б.
3. Досмұхамедұлы Х. Тандамалы. – Алматы, 1998.

4. Ысмайылов Е. Ақындар. — Алматы, 1956.
5. Бес ғасыр жырлайды. I т. — Алматы, 1984.

В статье анализируются исторические произведения И. Есенберлина. Эти произведения помогают сформировать человека, который будет любить свою родину, страну, свой народ. Анализируя исторический труд И. Есенберлина, были созданы эпические образы. Писатель в своем творчестве правдиво сообщает о торговле, культурных связях между соседними народами. Он обеспечивает некоторую историческую связь между казахским и русским народом.

I. Esenberlin's historical works are analyzed in the article. This product helps to form an individual who will love their homeland, country, its people. Being analyzed historical work of I. Esenberlin, the epic images have been created. The writer in his work truthfully reports the trade, cultural relations between neighboring people. He provides some historical connection between Kazakh and Russian people.

ӘОЖ 82.09 (5Қ)

Г.С. Бөкен

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті

Көкшетау, Қазақстан

asya_2309@mail.ru

ҚАЗАҚ-ПОЛЯК ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕЙБІР ҮНДЕСТІКТЕР (С.МРОЖЕК, С.АДАМБЕКОВ ПЬЕСАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ)

Мақалада комедияның қалыптасу, даму тарихына, жанр табиғатына қысқаша шолу жасалады. 1960-1990 жылдардағы белгілі поляк-қазақ драматургтері: С.Мрожек пен С.Адамбековтың комедиялары негізге алынып, қарастырылады. Яғни Славомир Мрожектің «Кароль» және Садықбек Адамбековтың «Алтын табақтағы жылан» сатиралық комедияларының өзара тақырыптық-идеялық ұқсастықтары мен ерекшеліктері талданады. Сатиралық образ жасаудағы өзіндік шеберліктері жан-жақты зерделенеді. Сонымен қатар кейіпкер тілінің драмалық шығармалардағы мән-маңызы ескеріліп, қос қаламгердің сөз қолданысы ерекшеліктері де айқындалады.

Кілт сөздер: Қазақ-поляк әдеби байланысы, жанр, образ, мінез, юмор, сатиралық комедия.

Әр елдің әдебиеті мен мәдениеті белгілі бір бағытта қалыптасатыны және сол негізде дамитаыны аян. Бұл бағыт деп отырғанымыз — өмір сүру, тұрмыстық қалыптасу барысында пайда болатын ұлттық ерекшеліктер, содан туындайтын өнер түрлері. Демек, мұндай өнер түрлері бір шеңберде ғана қалып қоймай кең ауқымды мәдени тетіктерге бағындырылады.

Негізінен, жанр — әрбір әдеби немесе драматургиялық шығарманың оқиғалық-сюжеттік құрылымына, ондағы идеяның басты ұстанымдарына лайықты анықтама беретін түр ерекшелігі. Мұның трагедия, драма, комедия тәрізді өзіндік спецификасына қарай бөлінетін басқа да көптеген түрлері бар екендігі белгілі.

Ең алдымен, комедия терминіне Әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Комедия, көңілді топ, өлең» делініп, драмалық жанрдың негізгі бір түрі, өмірдегі келеңсіз, жағымсыз құбылыстарды, адам бойындағы мінезді, қасиетсіздікті, опасыздықты күлкілі етіп